

**«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: қазақ тілі және заманауи білім беру
үдерісі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
қорытындысы бойынша
ШЕШІМ
2022 жылғы 7 сәуір**

Конференция жұмысына 700-ден астам адам қатысты, оның ішінде ғалымдар, магистранттар, аспиранттар, жоғары оқу орындарының докторанттары, әдістемелік кабинеттердің, орталықтардың әдіскерлері, білім беру ұйымдарының басшылары, Түркия елінің Анкара қаласының, Ресейдің Мәскеу, Севастополь, Өзбекстанның Ташкент қаласы, Қырғызстанның Бішкек, Жалал-Абад қалаларының, Қазақстанның, Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Өскемен, Атырау, Орал, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау қалаларынан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстары аудандарының мектептері, мектепке дейінгі, мектептен тыс мекемелерінің педагогтері қатысты.

Қатысушылардың әр елден болуы конференция тақырыбының және оның аясында қарастырылатын мәселелердің өзектілігін растайды.

Пленарлық отырыста ұсынылған баяндамалар үлкен қызығушылық тудырды:

1. «А. Байтұрсынұлы: қазақтың дамуындағы «көрнек өнерінің» рөлі», Трушев Айтмұхамет Қасымбайұлы, «Торайғыров университеті» КЕАҚ профессоры, филология ғылымдарының докторы (Қазақстан, Павлодар);

2. «Ахмед Байтурсунов жана кыргыз агартуучулары», Көлбаева Мээрим Курманбековна, Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының «Манас» фольклор, ақындар шығармашылығы бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының докторы (Қырғызстан, Бішкек);

3. «А. Байтұрсынұлов: сингармофонема, әріп, жазылым», Джусупов Маханбет, Өзбекстан әлемдік тілде мемлекеттік тілдер университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан, Ташкент);

4. «А. Байтұрсынұлының тіл біліміне қосқан үлесі», Жундибаева Арай Канапияновна», Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қазақ тілі, қазақ әдебиеті және Қазақстан тарихы зертханасының меңгерушісі, PhD докторы, қауымдастырылған профессор (Қазақстан, Нұр-Сұлтан);

5. «Педагогический дизайн цифровой образовательной среды: кейс РЭУ им. Г.В. Плеханова», Фоминых Наталья Юрьевна, Г. В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы (Ресей, Мәскеу қаласы);

6. «А. Байтұрсынұлы әдістемесі негізінде құрастырылған «Әліппе» оқулығының басымдықтары», Балтабаева Кенжегүл Айдарханқызы, Павлодар қаласы №19 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы мен заманауи білім беру үдерісі мәселелерінің ауқымы мен өзектілігі секциялық отырыстарда неғұрлым қызықты деп танылған баяндамалар толық көлемде көрсетілді.

Конференция қорытындысы бойынша келесі шешімдерді қабылдау ұсынылады:

1. Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы мен заманауи білім беру үдерісінің теориялық және тәжірибелік мәселелері секциялар аясында қарастырылып және конференцияға ұсынылған тақырыптың өзектілігін тану.

2. Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметін оқушылар арасында насихаттау мақсатында білім беру мекемесінде іс-шаралар ұйымдастыру.

3. Ахмет Байтұрсынұлының отандық тарихты оқытудағы идеяларын жүйелі негізде талқылауды, насихаттауды ұйымдастыру.

4. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлының әдістемелік, әдістемелік мұраларын оқу үдерісінде қолдану үшін әдістемелік кеңестің, әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында қарастыру.

5. Білім беру үдерісінде заманауи технологияларды қолдануды жетілдіру.

Шешім конференцияның жалпы отырысында бекітілді.

Бекітілген шешім білім беру бөлімінің сайтына орналастырылсын.